



**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1783. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 903 қаулысымен. ~P980903

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік

сатып алу жөніндегі департаменті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1783 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті туралы  
ЕРЕЖЕ

## МИССИЯСЫ

Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу процесін реттеу.

### I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің (бұдан әрі - Департамент) құқықтық негіздерін, қызметін ұйымдастыру принциптерін, жүйесін және өкілеттігін айқындайды.

2. Департамент республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуы салааралық үйлестіру мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын, мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

3. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен бланкілері болады.

5. Департаментті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру

республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

### II. БАСЫМДЫҒЫ

6. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді

сатып алуға бағытталған республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттарының ұтымды жұмсалуды қамтамасыз ету.

### III. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

#### 7. Департаменттің негізгі міндеттері:

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа да мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және бюджеттен тыс қорлардың басқармалары жүргізетін мемлекеттік сатып алу процестерін үйлестіру және оларға бақылау жасау;

мемлекеттік сатып алу процестерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру болып табылады.

### IV. ФУНКЦИЯЛАРЫ

8. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін Департамент мынадай функцияларды жүзеге асырады:

бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттер және бюджеттен тыс қорлар сметаларының көрсеткіштерінің негізінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатуралары мен көлемдерін қалыптастыруға қатысу;

номенклатурасын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітіп отыратын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу жөнінде конкурстарды ұйымдастыру;

тізбесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітіп отыратын тапсырыс берушілерге арналған конкурстарды ұйымдастыру;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары, ұйымдар, бюджеттен тыс қорлардың басқармалары өткізетін республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен тауарларды сатып алуға, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге арналған конкурстарға қатысу;

мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаттарына тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу бойынша конкурстар (

тендерлер) өткізуге қатысу;

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды үйлестіру және оған бақылау жасау ;

мемлекеттік сатып алу процестерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеу және әдістемелік материалдарды әзірлеу мен бекіту;

тапсырыс берушілерге мемлекеттік сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету.

## V. ҚҰҚЫҚТАРЫ

9. Алға қойған міндеттерді шешу және функцияларды жүзеге асыру үшін Департамент:

мемлекеттік сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаттары есебінен жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардан заңдарда белгіленген тәртіппен ақпараттар сұратуға және алуға;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті шешімдерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қабылдауға;

мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша тапсырысшылардың конкурстық комиссияларының жұмысына қатысуға;

мемлекеттік сатып алулардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне бақылау жасауға;

сараптамалар мен консультациялар өткізу, конкурстық комиссияларға қатысу үшін мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының мамандарын ақысыз негізде, ал мемлекеттік қызметшілер болып саналмайтын мамандарды-ақылы негізде Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тартуға;

өзінің құзыреті шегінде шет елдердің ұйымдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болуға құқылы.

## VI. МІНДЕТТЕРІ

10. Өзінің қызметінде Департамент мынадай міндеттерді орындайды: мемлекеттік сатып алу саласында Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуына талдау жасайды;

мемлекеттік сатып алуды жоспарлауды, ұйымдастыруды және

жүргізуді жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады.

## VII. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Департаментке мыналарға:  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу саласындағы стратегиялық жоспарының іске асырылуы үшін;  
мемлекеттік сатып алу жүйесінің жай-күйі туралы ақпараттардың сенімділігі үшін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдарының сақталуы үшін жауап береді.

## VIII. ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

12. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Директордың оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Департамент директорының орынбасары Департамент директоры болмаған жағдайда оның міндетін атқарады.

13. Департамент директоры Департамент жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді.

Осы мақсатта Департамент директоры:

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен қызметтер номенклатурасына сәйкес Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығына

Департамент қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына бекітілген

еңбекке ақы төлеу қорының шегінде қосымшаақылар мен үстемақылар белгілеу туралы, сондай-ақ оларға сыйақы беру туралы ұсыныстар енгізеді;

өзінің құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

өз құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Департаментті білдіреді;

өз құзыретіне жататын басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

14. Департаменттің штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

15. Департаменттің қызметін бөлімшелері және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жалпы мақсаттағы қызметтері қамтамасыз етеді.

## IX. ДЕПАРТАМЕНТТІ ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

16. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1783 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаментінің  
құрылымы

Мемлекеттік сатып алудың әдістемесі мен мониторингі басқармасы  
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК